



EGEMEN QAZAQSTAN

№168 (30147) 7 ҚЫРКҮЙЕК, СЕЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиынама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Цифрлық үкімет офисі іске қосылды



Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық аналитикалық және цифрлық трансформация орталықтарын, ұлттық жобалау офисін қамтитын Цифрлық үкімет офисінің жұмысын бастауға рұқсат берді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Қазақстан Президентіне Цифрлық үкімет офисінің негізгі міндеттері мен жобалары туралы баяндады. Министрдің айтуынша, офис жұмысының аясында бастапқы талдауды автоматтандыру, болжамдар мен даму сценарийлерін әзірлеу, қол жеткізілетін мақсатты көрсеткіштерге төнетін қауіптерге

мониторинг жасау және анықтау қызметтері, сондай-ақ басқа да жұмыстар жүзеге асырылады. Цифрлық трансформация орталығы мемлекеттік органдардың жұмыс үдерісін өзгертіп, оларды цифрлық форматқа ауыстырумен айналысады.

Сауда және интеграция министрлігі Мемлекет басшысына Ішкі және сыртқы сауда жөніндегі талдау платформасын

таныстырды. Аталған платформа азық-түлік бағасын онлайн режимде бақылауға және болжауға мүмкіндік береді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш министрлігі ел халқының екіпелу қарқынын бақылауға арналған жобаны таныстырды.

Жиын барысында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы, Астана халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов, Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой және басқа да жауапты тұлғалар сөз сөйледі.

ЖОЛДАУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жаңа заң жайылым мәселесін шеше ала ма?

Күні кеше халыққа үшінші Жолдауын жариялаған ел Президенті Үкіметке қысқа мерзімде «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» заң жобасын дайындауды тапсырды. Жаңа заң қарапайым ауыл халқының қордаланған мәселелерін шешіп бере ала ма? Бүгінде өте өзекті болып отырған жайылымдық жерге қатысты қандай нормалар енгізілуі керек? Жайылым иелерінің құқықтық мәртебесін реттеу кезінде нені ескеруіміз қажет? Осыдан 5 жыл бұрын қабылданған «Жайылымдар туралы» заң неге жұмыс істемейді? Халықтың арасында қызу талқыға түскен осы сұрақтарды ауыл шаруашылығы саласының жағдайын жақсы білетін сарапшы, мамандарға да қойған едік.

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Жер көп, бірақ жайылым жоқ

Қазақстан жер көлемі бойынша әлемдегі ең ірі мемлекеттердің қатарында, 9-орында. Еліміз жайылым жерлердің көлемі бойынша 5-орында. Алайда ауылда мал жаятын жер жоқ. Шаруалар төрт түлігін қайда жаярын білмей зар қақсап жүр. 90-жылдары ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен жайылымдық жерлерге қол жеткізе алмаған ауыл халқы малын қорасында қамап ұстауға мәжбүр. Ауылдағы ағайынға жетпей жатқан

жайылым мәселесі күні кеше туындап отырған проблема емес. Тек соңғы 2-3 жылда өзектілігі арта түскен бұл мәселе шарықтау шегіне жетіп, елдің сабыры сарқылып, төзімі таусыла бастады. Мәселен, биыл жазда Түркістан облысының төрт бірдей ауылы жергілікті билікке Төле би ауданындағы жайылымдық жерлер ауыл тұрғындарына қайтарылсын деген талап қойды. Шыдамдары түгесілген Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының тұрғындары да мал жаятын жер қалмады деп жоғары жаққа шағымдарын жеткізді.

(Соңы 3-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Токіо-2020 XVI Жазғы Паралимпиада ойындарындағы аса үздік спорттық жетістіктері үшін наградталсын:

III дәрежелі «Барыс» орденімен

Дегтярев Давид — «Қазақстан Республикасының Мамиевич Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы;

«Парасат» орденімен

Байбатина Зарина — «Қазақстан Республикасының Боранбайқызы Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Дәулет Теміржан — «Қазақстан Республикасының Серікұлы Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Сариев Ануар — «Қазақстан Республикасының Берікұлы Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы;

«Құрмет» орденімен

Жұмағали — «Қазақстан Республикасының Нұрдәулет Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданыса енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 6 қыркүйек № 652

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Өкімімен Марат Рақымұлы Құсайынов Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы лауазымына тағайындалды.

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

Көркем кешендегі келеңсіздік

2000 жылдан астам тарихы бар көне Тараз шаһарының соңғы жылдары сәулеттік келбеті артып, көркемдік кеңістігі кеңейіп келеді. Тараз дегенде, көпшіліктің көз алдына шығыстық үлгіде салынған ғимараттар, ықылым замандардан келе жатқан киелі орындар елестейтіні шын.

Хамит ЕСАМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Мәселен, тарихи қаланың өзінде орналасқан әйгілі Қарахан кесенесі, ерте ислам дәуіріндегі жерасты мешіті сияқты қасиетті орындар да – тарихтың тылсым тереңіне алып баратын ғажайып дүниелер. Ал осы уақытқа дейін Тараз шаһарының негізгі келбетін сақтай отырып, көне дәуірлер мен бүгінгі замандағы сәулеттік өнерді шендестіретін бір туынды керек-ақ еді. Оның да орайы келіп, облыс орталығынан «Көне Тараз» кешені бой көтерген болатын. Сол кездегі облыс әкімі Асқар Мырзахметовтің бастамасымен салынған бұл кешен жергілікті

жұртшылық үшін де жақсы жаңалық болды. Көпшіліктің көзайымына айналған сәні мен салтанаты келіскен ғимараттар шаһардың да шырайын ашып, сәулетін арттырды. Бұдан бөлек, кешен ішіндегі арбат, амфитеатр, алып «Сағат» стелласы сияқты нысандар да Әулиеата өңіріндегі игі бастамалардың бірі еді.

Тараз қаласының орталығындағы «Көне Тараз» этномәдени кешені 2019 жылы облыстың 80 жылдығына орай ашылды. Кешеннің жалпы жер көлемі 2,4 гектарды құрайды. Бас жоспар бойынша аталған орталықта 9 нысанның құрылысы жүргізілген. Құрылыс жұмыстарына 3 миллиард 629 миллион 574 мың теңге бөлініп, бөлінген қаражат толықтай



игерілген. Бұл күнде аталған кешендегі ғимараттар облыстық тарихи-өлкетану музейі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты «Тарихи ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру» дирекциясы, Шерхан

Мұртаза атындағы «Руханият және тарихтану» орталығы, облыстық туризм басқармасы сияқты мекемелерге пайдалануға берілген.

(Соңы 13-бетте)

ЖАНАЙҚАЙ

Улы көлге бөлінген қаржы игерілмей ме?

Қашаннан Маңғыстау – донор облыс. «Өле жегенше, бөле же» дегендей, қойнауынан шыққан қара алтыннан түскен табысты күллі елмен бөлісіп, ортақ қазанға қомақты үлесін қосып келеді.

Гүләйым ДӘУІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Маңғыстау облысы әкімдігі берген ақпаратқа сүйенсек, республикалық бюджеттің доноры ретінде «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, Астана бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 29 қарашадағы №24-VI Заңына сәйкес Маңғыстау

облысына 2017-2019 жылдарға келесідей көлемде бюджеттік алып қоюлар белгіленген, мысалы 2017 жылға – 28 977 170 мың теңге; 2018 жылға – 31 316 423 мың теңге; 2019 жылға – 35 365 489 мың теңге.

Сонымен қатар 2020-2022 жылдарға Маңғыстау облысына республикалық бюджетке «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы»

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы №275-VI Заңына сәйкес төмендегідей көлемдерде бюджеттік алып қоюлар белгіленген 2020 жылға – 8 213 586 мың теңге; 2021 жылға – 13 416 746 мың теңге; 2022 жылға – 19 493 443 мың теңге.

Көріп отырғанымыздай, «алып қоюлар» жағынан Маңғыстауды ұмыт қалдырмаған республикалық бюджет Маңғыстаудың қажетіне келгенде неге шөміштен қағып келеді? «Алаған қолым – берген» деген бар, алайда Маңғыстау көп жағдайда «тоқалдан туған» кебін киіп жүр. Zertteu.kz сайтының мәліметіне сүйенсек, республикалық бюджеттен ең көп қаржы алатын облыстар

– Түркістан (838 млрд теңге), Алматы (623 млрд теңге), Қостанай (314,7 млрд теңге), ал ең аз алатындар – Алматы қаласы (142,7 млрд теңге), Нұр-Сұлтан қаласы (130,8 млрд теңге) және Маңғыстау облысы (109 млрд теңге). Бергенінен алғаны көп болып көрінгенмен, жеме-жемге келгенде жоғарыдан қаржыландырылатын жобалардан бас тарту, қаржы бөлінбей қалу, бөлінген қаржының кері қайтаруы сынды әрекеттер жиі кездеседі.

Бір ғана мысал және маңғыстаулықтар үшін ең маңызды, жанды және жылдар бойы жыр болған сур тақырып – Қошкар ата улы көлі мәселесі.

(Соңы 14-бетте)



ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Еран ОМИР, «EQ»

ВЕЛОСПОРТ

«Вуэльта» көпкүндігі аяқталды

Үш аптаға созылған «Вуэльта» көпкүндігі өз мәресіне жетіп, бұл бәсекеде Примож Рогличтің бақ жұлдызы жанды.

Нидерландта іргетасы қаланған Team Jumbo-Visma клубы сапында өнер көрсетіп жүрген 31 жастағы словениялық велошабандоз ең соңғы 21-кезеңде топ жарып қана қоймай, айтулы жарыстың жеңімпазы атанды. Примож Рогличтің көрсеткіші – 83 сағат 55 минут 29 секунд. Дәл осы спортшы биыл Токиода өткен Олимпия ойындарының жекелген сайысында да бас жүлдені олжалаған болатын. Екінші орынды иеленген испаниялық Мас Энрич (Movistar Team) басты қарсыласынан 4 минут 42 секунд қалып қойды. Үшінші сатыға аустралиялық Джек Хэйг (Bahrain – Victorious) табан тіреді.

«Астана» клубы мүшелері арасынан ең үздік көрсеткішке Ион Исасигирре қол жеткізді. Жарыс жеңімпазынан 1 сағат 17 минут 47 секунд қалып қойған 32 жастағы испаниялық легионер 26-орынды қанағат тұтты.

БОКС

Бас бапкер тағайындалды

Бокстан ерлер арасында Қазақстанның ұлттық құрама командасының бас бапкері болып Қайрат Сәтжанов тағайындалды.

Қайраттың есімі де жанкүйерлерге жақсы таныс. Еңбек жолын қатардағы бапкерліктен бастаған. 2011 жылы еліміздің жасөспірімдер құрамасының аға жаттықтырушысы болып тағайындалып, осы қызметті ол тапқылмай сегіз жыл бойы атқарды. Сол аралықта балғын былғары қолғап шеберлері әлем біріншіліктерінің жалпы есебінде екі мәрте (2013, 2015 жылдары) үздік үштіктің қатарынан көрініп, тағы екі рет (2013, 2017 жылдары) Азияның теңдессіз командасы атанды.

2019 жылы Қайрат Сәтжанов Қазақстанның жастар құрамасының тізгінін ұстады. Бұл ретте де ол елеулі табыстарға қол жеткізді. Айтулы маманның жетекшілігімен біздің жігіттер 2019 және 2021 жылдары сары құрлықта алдына жан салмаса, биылғы әлемдік додада екінші орынды жеңіп алды.

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

«Барыс» тағы да ұтылды

Құрлықтық хоккей лигасында (КХЛ) күш сынасып жүрген Нұр-Сұлтанлық «Барыс» былғы біріншіліктің екінші кездесуінде де жеңілістің кермек дәмін татты.



Бұл жолы жерлестеріміз Магнитогорскінің «Металлургін» қабылдады. Бұл бәсекеңің шиеленісті өткені соншалық, екі команда екі кезең бойы бір-бірінің осал тұсын таба алмады. 42-минутта Якоб Лилль есеп ашқанда жергілікті жанкүйерлер кәдімгідей қуанып қалған еді. Бірақ бұл қуанышымыз ұзаққа созылмады. Арада төрт минут өтпей жатып Максим Карпов таразы басын теңестірсе, 58-минутта Андрей Чибисов жеңіс шайбасын салды. Есеп – 1:2. Осылайша, қатарынан екі кездесуде ұтылған «Барыстың» қоржынына әлі бірде-бір ұпай түскен жоқ.

Өзінің келесі кездесуін елордалық хоккейшілер 8 қыркүйекте Нұр-Сұлтанда Хабаровскінің «Амурымен» өткізеді.

Дайындаған
Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

БАЙҚАУ

«Қызыл анар» – поэтикалық фильм

Режиссер Шарипа Оразбаеваның «Қызыл анар» («Красный гранат»/Red Pomegranate) атты жаңа фильмі 26-шы Пусан кинофестивалінің басты байқау бағдарламасына енді. Кинотуынды «Жаңа ағымдар» (New Currents) номинациясында бақ сынамақ.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

«Қызыл анар» – зорлық-зомбылықтан аман қалып, әділдік іздеген әйелдің оқиғасына құрылған фильм. Шарипа Оразбаеваның сөзімен айтсақ, «бұл кезекті әлеуметтік драма емес, шынайы оқиғалармен өрілген поэтикалық кино».

Фильм рекордтық уақытта, яғни 12 күнде таспаланып біткен. Түсірілім жұмыстары негізінен Алматы облысында өтті.

Кинофестивальде «Қызыл анардан» бөлек Иран, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Үндістан, Вьетнам елдерінен 10 фильм осы аталымда бақ сынасады. Байқау ережесі бойынша

қазылар алқасы екі жеңімпазды таңдап, әрқайсысы 30,000 доллар көлемінде жүлдеге ие болады.

Пусан халықаралық кинофестивалі – 1996 жылдан бері Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында жыл сайын өткізілетін Азиядағы ең ірі байқау. Кино додасы биыл 6-15 қазан аралығында өтеді.

Айта кетейік, «Қызыл анар» Шарипа Оразбаеваның толықметражды екінші туындысы. Режиссер алғашқы «Мәриям» атты толықметражды фильмі үшін Лондонда өткен 22-халықаралық Rainbow Film Festival кинофестивалінде «Үздік режиссер әйел» атанған.

КІТАП КӨКЖИЕГІ

Сиқырлы әлемнің бесінші кітабы

Былтыр әлемдік балалар әдебиетінің жауһарына айналған «Хэрри Поттер» топтамасының бірінші кітабы «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» романы тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрген еді. Одан кейін «Хэрри Поттер мен жасырын бөлме», «Хэрри Поттер мен Азқабан тұтқыны», «Хэрри Поттер мен от-сауыт» атты бөлімдері де аударылып, барлығы төрт кітап басылып шықты. Айта кетейік, британ жазушысы Жоан Роулин ойлап тапқан сиқыршы бала Хэрри Поттер мен оның сиқыр әлемі туралы еңбектерді қазақ тілінде басып шығару құқығы Steppes & World Publishing баспасына тиесілі.



Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Енді қазан айында «Хэрри Поттер мен Феникс алқасы» атты бесінші кітабы жарияланбақ. Бұл – Хэрри Поттер сериясындағы көлемі ең үлкен бөлім. Қазір корректорлық жұмыстар жасалып жатыр. «Бесінші кітаптың түпнұсқасы да, аудармасы да 700 беттен асады. Оған қоса, мәтін күрделеніп келеді. Кейіпкерлер көбейді, балалар өсті, оқиға шиеленісті. Сол себепті жұмыс

күрделі жүріп жатыр. Тиражы 5 000 дана», дейді жобаның жауапты редакторы Назгүл Қожабек.

Жалпы, Хэрри Поттер сериясын түгел аударғандар – Динара Мәзген мен Саят Мұхамедияр. Жоан Роулин осы роман желілері арқылы әлемдегі ең бай жазушылардың қатарына қосылды. 1997 жылдың 26 маусымында жарыққа шыққан алғашқы «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» романы балалар әдебиеті жанрын бұзып-жара кіріп, бүкіл әлемде зор коммерциялық табысқа кенелді. Бүгінге дейін жеті сериалы роман 500 миллион данамен шығып, 80 тілге аударылып, әлемдік әдеби бестселлерге айналды. Мәселен, 2007 жылы жарыққа шыққан бір ғана «Хэрри Поттер мен ажал сыйы» кітабы бірден 11 миллион данамен шығарылып, рекорд орнатқанын да білеміз.

Warner Bros. Pictures компаниясының жетекшілігімен романдар сериясы киноға айналды, кинематография саласында да табысқа жетті. Кітап көтерген абырой-атақ әлемде Harry Potter брендин қалыптастырып, ол брендтің құны, шамамен 12.78 миллиард долларға бағаланады.

Баспа басшысы Райса Қадыр бір сұхбатында: «Романдар желісінің ең соңғысы 2007 жылы жарыққа шыққан. Кейде нәліктен сол тұста бірден қазақ тіліне аударылып отырмаған деп таңғаламын. Бірақ қазір де кеш емес. Өйткені классиканың аты қай кезде де классика», дейді. Арада көп жыл өтсе де әлемдік бестселлердің қазақ тілінде сөйлеуі – үлкен нәтиже. Қазақ оқырманы Хэрри Поттердің бесінші кітабын асыға күтеді.

БӘРЕКЕЛДІ!



Отанды тану жобасы

Елордадағы Ұлттық музейде «Менің Қазақстаным» атты мәдени-білім беру және экспозициялық жобаның ашылуы өтті.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Мазмұнды іс-шараның ашылуында Ұлттық музей директорының орынбасары Абай Сатыбалдин аталған жобаның маңызына тоқтала келіп: «Әрбір қазақ баласы ата-баба тарихына құрметпен қарап, өз ұлтының әдеп-ұрып, салт-дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін жетік білуі керек. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие алған ұрпақ – еңбеккер, өнерлі, білімді, ақылды, болып өседі. Біздің «Менің Қазақстаным» атты жобаны ашудағы мақсатымыз – өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен дамуына ерекше көңіл бөлу» деді ол.

Жобадары экспозиция құрылымы 10 бөлімнен тұрады, барлық бөлім еліміздің терең

тарихы мен табиғатын балаларға қолжетімді құралдармен толық таныстырады. Ақпарат аймағы – Қазақстанның интерактивті географиялық картасымен, Ұлы Жібек жолының картасымен және электронды дүңгіршекпен жабдықталған. Экспозиция «Қазақстан географиясы», «Қазақстан табиғаты», «Қазақстанның археологиялық ескерткіштері» және «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстанның мәдениеті мен этнографиясы» секілді тақырыптарды қамтиды.

Іс-шара барысында балалар ойын арқылы ел тарихы, мәдениеті, табиғаты туралы мол мағлұмат алып, өздері археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді, киіз үйде болып, халқымыздың салт-дәстүріне қатысты бейнематериалдарды тамашалап, ұлттық киіммен суретке түсті.

EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:

«Егемген Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Дархан ҚЫДЫРӨЛПІ – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасы

Владимир КУРЯТОВ – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары

Айбын ШАҒАПАҚ – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары

Ерболат ҚАМЕН – «Егемген Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары
Кәрібай МҰСЫРМАН
Думан АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Қымбат ТОҚТАМҰРАТ

Әлеумет және білім бөлімі
Орынбек ӨТЕМІРАТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС

Интернет-редакция бөлімі
Динар КЕРІМ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz

Ақтау – mangystau@egemen.kz

Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz

Талдықорған – tsu@egemen.kz

Атырау – atyrau@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

010008 Нұр-Сұлтан, «Егемген Қазақстан» газеті» кешесі, 513 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

АНЫҚТАМА ҮШІН:

Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87; Алматыда: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87;

Электронды пошта: info@egemen.kz

Интернет-редакция: portal@egemen.kz

МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтан – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, adv@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru

Индекс: 65392. Аптасына 5 рет шығады.

«Егемген Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің саясаттан редакция жауап береді.

«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті өскелең қою туралы №01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.

«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті РГ СТ ИСО 9001-2009

Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газеттің жеткізуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

ТАРАЛЫМЫ 152 303 дана



Нөмірдің көзекші редакторы
Бану ӘДІЛЖАН